

1. Алтын Орданың ақшалары / Марыксин Д.В., Пачкалов А.В. – Орал: Полиграфсервис, 2009. – 50 б.
2. Аксенова С.В., Жилкин А.В. Монеты и банкноты России и СССР. Полный каталог монет и банкнот России. – Ростов н/Д: Владис: М.: РИПОЛ классик, 2009. – 416 с.
3. Пигорев Е.М. Монеты в погребениях Золотой Орды // Степи Евразии в эпоху средневековья. Т.1. – Донецк, 2000.

## **ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ «ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІН ӘКІМШІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ ТҮРҒЫДАН АУДАНДАСТЫРУ» ЕҢБЕГІ ДЕРЕК РЕТІНДЕ**

Амангелді М.Қ.

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к., доцент Енсепов Б.Б.  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті  
Электрондық адресі: [ensepov\\_81@mail.ru](mailto:ensepov_81@mail.ru)  
Астана қ.

Қоғамда ұлттық зиялы қауым өкілдерінің, саяси қоғам қайраткерлерінің, тіпті ел ішінде танымал болған белгілі мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлердің есімдері ХХ ғасырдың 1937-1938 жылдары Сталиндік «үлкен террор» кезінде кеңестік жүйенің арнайы жүргізген саяси іс-шараларының құрбаны болып кете берді. Кеңестік тарих ғылымы жекелеген ұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырды, зерттеуге тыйым салды, ал зерттеле қалғандары сыңаржақ бағаланып, тарихи шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да тарихтың бұл беттерін қайта қарастырып, әлі де болса қолданбай келген мұрағат құжаттары арқылы жаңа шынайылық көзқараспен сынай отырып, қазақтың «Темір наркомы» деп аталған Темірбек Жүргеновтің Кеңес үкіметі тұсындағы қайраткерлік өмірі мен қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметтері туралы тарих саласында осы күнге дейін толық, арнайы түрде ғылыми тұрғыдан зерттелмеген тұстарын кешенді түрде ашып көрсету өзекті мәселенің бірі.

Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап елді мекенінде дүниеге келеді. Темірбек алғашқыда Мұхаметжан деген ауыл мұғалімінен сабақ алып, кейіннен шығыс тілінің білгірі, ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен оқуын жалғастырады. Ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен Темірбек, парсы, өзбек, тәжік тілдерін меңгеріп, шығыс әдебиетін бойына сіңіреді. Темірбектің әкесі Қара баласының білімге деген құмарлығын байқап, зеректігін ескеріп, он жасында оны екі сыныптық орыс-қазақ Аламесек мектебіне оқуға береді. Т. Жүргенов Аламесектегі мектепте демократиялық көзғарастағы мұғалімдер Омар Сатаев, Досмұхамбет Букин секілді ұстаздардан білім алады. Темірбек Аламесек мектебін 1913 жылы бітіріп, сол жылы Перовскідегі Суханский атындағы қалалық жоғары орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі[1, 17 б]. Осы училищесінде ол Б. Есенов, И. Давыдов, Н. Шипков және басқа да озық ойлы ұстаздардан дәріс алады. Училищені 1917 жылы бітіріп, сол жылы Уфадағы жер өлшеу училищесінде білімін жалғастырады. Бірақ 1918 жылы басталған азамат соғысы салдарынан оқу орны жабылып, ендігі кезекте Темірбек бар ынта-жігерімен саяси өзгерістер мен жаңарулар алдында тұрған елінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып кетеді. 1918-1921 жылдары Торғай, Ырғыз, Ақмешіт өңірлерінде түрлі кеңес қызметтерін атқарады[2, с 67]. Ол 1918 жылы Торғайда «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. 1921 жылы Темірбек Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп, оны 1923 жылы аяқтағаннан кейін, оқуын жалғастыру мақсатында Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған-ды[3, 228-229 бб].

Осы жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде Т. Жүргеновтің таланты ашылып, күллі Түркістанға танымал қайраткер дәрежесіне жетеді. Сол жылдарда бірнеше қызметті қатар атқару, мемлекет және шаруашылық мекемелерінің жұмысына жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқитын, тәжірибелі, сенімді студенттерді тарту мамандардың жетіспеушілігінен туған бір үрдіс еді. Екінші семестрден бастап, Темірбек Жүргенов те университеттегі оқуынан қол үзбей жауапты қызметке - 3-4 жыл қатарынан Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі міндетін, соңғы курста Қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметін қоса атқарады. Қазақстан мен Түркістан Орталық Атқару комитеттеріне мүшелікке сайланады. Сонымен қатар, ол көптеген облыстық, республикалық, өлкелік мәслихаттар мен пленумдарға делегат ретінде қатысады. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласып, Қазақстанның іргесін кеңейтуге және ұлттық жағынан тұтастануына студент болса да зор үлес қосады. Оқуды мемлекеттік және қоғамдық үлкен қызметпен қоса қабат жүргізу, болашақ заң қызметкерінің оқу үлгерімін одан әрі жақсартып, құқық, саяси экономика, тарих ғылымдарына шындап ден қойып, статистикалық, демографиялық зерттеулермен айналысуына көмектеседі. 1924 жылы Жүргенов өзінің «Орта Азия республикасында тұратын қазақтардың хал-жағдайы» атты тарихи-демографиялық очерктерін жариялап, Орта Азиядағы қазақтардың тұрмыс-күйі мен мәдениетіне қатысты мәселелерді анықтауға арнайды[4, 15 б.]. Жүргеновтің бұл еңбегінде Түркістан АКСР-інде тұратын қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдени дәрежесіне жалпы сипаттама береді. Сондай-ақ қазақтардың қарақалпақтар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер және Орта Азияның басқа да халықтарымен этникалық және мәдени байланыстарын ашады. Соның ішінде автор бұл халықтардың құрамында ортақ рулар, ру бөліктері бар екендігін атап көрсетеді[5, 266 б.]. Университетте оқып жүріп-ақ, Т. Жүргенов баспасөз беттерінде көптеген зерттеулері мен мақалаларын жариялайды. Оның еңбектерінде қазан төңкерісі қарсаңындағы Орта Азия мен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық жағдайы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің алғы шарттары мен қозғаушы күштері, социалистік мәдениеттің дамуы туралы пікірлері қарастырылған. Мәселен, «1916 жылғы қазақтар көтерілісі кезіндегі қала мен ауыл», «Қазақ университетін құру жөнінде», «Мектептің түрі, тілі туралы», «Қазақстанның ақындары мен жыршылары» деген еңбектері Т. Жүргеновтің зерттеушілік қабілетін жоғары екенін көрсетеді.

1927 жылы ол Орта Азия мемлекеттік университетін үздік бітірген соң, оның Қазақстан жерін әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан аудандастыруға қатысты дипломдық жұмысы аса жоғары бағаланып, профессор Н.Н. Филатовтың алғысөзімен жеке кітап болып басылып шығады. Орта Азия мемлекеттік университетінің профессоры, Н.Н. Филатов кітапшаға жазған алғы сөзінде былай деп атап көрсетеді: «Сынақ комиссиясы бұл жұмысты дипломдық жұмыстарға қойылатын дағдылы талаптар дәрежесінің шеңберінен жоғары деп бағалады. Зерттеу жұмысының авторы мемлекеттік құқық кафедрасына ғылыми қызметкер есебінде факультетте қалдырылып отыр» [6].

Ғылыми жұмыс үш тарауға бөлінген; 1. Аудандастырудың тарихы мен теориясы. 2. Аудандастыру саласындағы кеңес үкіметінің саясаты. 3. Қазақстандағы аудандастыру мәселесі. Сонымен қатар, профессор Н.Н. Филатов Жүргеновтің таңдаған тақырыбы, зерттеген нысаны, өз кезеңі үшін аса өзекті мәселе екенін ашып көрсетеді. Сол тұста Қазақстан аумағын межелеудің жай күйінде шешімін таппаған мәселелер әлдеқайда көп еді. Диплом жұмысындағы үш тараудың екеуі тікелей Қазақстанға қатысты болмаса да, Н.Н. Филатов әділ атап көрсеткендей, бұл тарауларда да Жүргенов өз бетімен ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге қабілеттілігін, еңбексүйгіштігін, ыждаһаттылығын, адалдығын, алған тақырыбына шығармашылық тұрғыдан қарайтындығын танытты. Н.Н. Филатов автордың мәселе қоюдағы өзіндік ерекшелігіне тоқтала келіп, жұмыстың бұл тақырыпқа арналған басқа еңбектерден айырмашылығы автор ретінде «мәселенің экономикалық қойылысын әкімшілік құқық мәселелерімен ұштастыра білгендігін» атайды. Тақырып кездейсоқ таңдалмаған, жоғарыда атап көрсеткендей Т. Жүргенов Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі ретінде

ұлттық межелеу ісінде белсенді жұмыс жүргізді. Сүйтіп ол біріктіру жұмысында практикалық тәжірибесі толысқан, тақырып бойынша орасан зор нақты материалдар жинаған күйде отырды. Жұмыстың алғашқы тарауында аудандастыру ұғымына ғылыми сипаттама беріледі, оның шартты қағидалары, классификациялау тәртібі ұғымды тілмен түсіндіріледі. Автор тарауды қорыта келіп аудандастырудың негізгі үш белгісін көрсеткен:

1. Тарихи жаратылыстану белгісі. Бұл сөз болып отырған ауданның ауа райына, жер суына және өсімдік дүниесіне байланысты.

2. Экономикалық белгі. Бұл белгі ауданның шаруашылық кәсібін (мал шаруашылығы немесе егін шаруашылығы) тұғыр етеді.

3. Саяси белгі. Ауданның геосаяси жағдайын ескереді.

Т. Жүргенов аудандастырудың ең басты шарты ретінде ұлттық этносты бағамдауды ұсынады[2, 28 б]. Бұл айтылған үш шарттың да негізгі арқауы ол жер мәселесі болатын. Өйткені Қазақ даласы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің жарлығы негізінде еуропалық келімсектердің келуімен көптеген шұрайлы жерлерінен айырылып қалған еді. Сондықтан Түркістан мен Қазақстан зиялы қауымы ең алдымен жер мәселесін күн тәртібіне қойды. Міне осы орайда Т. Жүргеновтің XX ғасырдың 20 жылдарында жазған еңбегі теориялық та, практикалық та маңызын жойған жоқ. Диплом жұмысының екінші тарауында патша үкіметінің әкімшілік шаруашылық бөлініс сипатын талдап, онымен кеңестік кезеңдегі аудандастыру бағытын салыстырса, үшінші тарауында Қазақстанды әкімшілік аумақтық тұрғыдан бөлудің жаңа жоспарын ұсынады. Диплом жұмысында Жүргенов республиканы облысқа бөлу жобаларын сынға алып, оның орнына әкімшілік-аумақтық бөліністің сол жылдардағы тиімділігі округтерге бөлудің дұрыстығын ашып көрсетті. Онда Жүргенов тиісті орындар ұсынған жобадағы қала мен оның төңірегіндегі елді мекендерді экономикалық-шаруашылық жағынан ұштастырудың ұсыныстары кейбір әкімшілік аудандарға келгенде формальды сипат алатынын дәлелдейді. Ол республиканың экономикалық құрылымына талдау жасап, жаңа аудандардың шекарасын белгілеген кезде шаруашылық жүргізудің әр түрінің (көшпелі, жартылай көшпелі, мал мен егін шаруашылығы, аралас және бірінғай егін шаруашылығы) белгілі бір аумақтың аясында орналасқанын анықтайды. Осы орайда Жүргенов жаңа аумақтық бөлініс жобасы авторларын өткен тарихи мағлұматтарды, революцияға дейін өңірді зерттеген ғалымдар тәжірибесін есепке алмағанын сынап, осы орайда ол Н.М. Крашеников құрастырған «Қазақстанның орталық аймағындағы өсімдіктер дүниесінің сызба картасының» маңызын ғылыми негізде саралайды. Әсіресе Жүргенов орыс ғалымының картасында қай ауданға қазақ шаруашылығының қандай түрі сәйкес келетінін нақпа-нақ көрсетуін үлкен жетістік ретінде бағалаған. Темірбек Қараұлы одан әрі жоба авторлары болашақ әкімшілік аймақтарды белгілеген кезде республикадағы аса бай кен көздерін игеру бойынша өнеркәсіптік кешен болатын аудандарды, сонымен қатар, елдегі әлеуметтік-тұрмыстық ерекшеліктерінің, рулық қоғам сарқыншақтарының, көшпелі халықтың әдеп-ғұрпы мен дәстүрінің жеткілікті түрде ескерілмегенін ашып көрсетеді. Сондай ақ Т. Жүргенов аймақты шағын аудандарға бөлу кезінде сол кезде қолдалынып жүргендей ру-румен әкімшілік тұрғыдан бөлудің қажет еместігін, қайта іргелі, саны мол руларды мүмкіндігінше жеке аудан болыстарға және әкімшілік ауылдарға бөліп отыруды ұсынады. Бұл пайымдаудың астарында ауылды жаңа жағдайда мәдени шаруашылық тұрғыдан жаңғырту ісіне кедергі жасайтын рулық қатынастарды жою ниеті жатқанын байқау қиын емес. Диплом жұмысының қорытынды бөлімінде ауылды кеңестендіру, оны бірте бірте жаңа өмір жолына салу мәселесіне көңіл бөледі[1, 29 б].

Т. Жүргенов Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген соң, мемлекеттік құқық пәні бойынша сол университетке ұстаздық қызметке қалдырылады. Университеттен кейінгі екі жыл шын мәнісінде жемісті еңбек пен білім толықтыру жылдары болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Енсепов Б., Ибраимова Ұ. Темірбек Жүргенов және Орта Азия мемлекеттік университеті. //Қазақ тарихы 2021. №6. – 13-15 бб.

2. Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане (Сборник документов и материалов) Часть Шымкент – 2004, 276-с.
3. Жүргенов Т. «СССР мен Қазақстанда әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы Қызыл-Орда: ҚазМембаспасы, 1927.
4. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. -275 б.
5. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы), Алматы 2012, 439-б
6. Назарбаева Г, Әбжанов Х. «Қазақстан: тарих пен тағдыр», Алматы 2003, 296 б.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аманжолова А.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[aiishuak@mail.ru](mailto:aiishuak@mail.ru)  
Қарағанды қ.

Әлем өркениетіндегі барлық ежелгі қоғамдық-экономикалық формация - алғашқы қауымдық құрылыстан басталатындығы белгілі. Алғашқы қауым адамы өзінің дамуында бірнеше жүйелі кезеңнен өтті. Олардың негізі тасты өңдеу тәсілін жетілдіру мен оған байланысты еңбек өнімділігінің, материалдық және рухани мәдениеттің өсуі болып табылады.

Ежелгі тас дәуірі - адам мен оның шаруашылығының қалыптасу мезгілі – өндіргіш күштердің төменгі деңгейімен сипатталады. Адамдар өздерінің арғы ата-тегінен еңбек ете білуді мұра етті және ол үшін қарапайым еңбек құралдарын жасай білді, оның көмегімен табиғаттың сыйын пайдаланды: жабайы өсетін өсімдік дәндерін, жеміс-жидектерді жинады, жабайы аңдарды аулады, балық аулаумен шұғылданды. Жинап-теру, аң аулау, балық аулау, әрине, еңбек, бірақ өздері тауып пайдаланатын табиғаттың өнімдерін ежелгі ұдайы өндіре алмады. Сондықтан неолит дәуірінде табиғаттың дайын өнімдерін иеленудің – жиып-теру мен аң аулаудың орнына өндіруші шаруашылықтың, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы пайда болды. Шаруашылықтың жаңа түрлерінің пайда болуы адамзат қоғамының дамуы үшін үлкен маңызға ие болды, адамның еңбек іс-әрекетінің ауқымын кеңейтті, сондай-ақ оның сипатын сапа жағынан өзгертті. Бұдан кейінгі адамның экономикалық қызметінің мыңжылдық тарихы айтарлықтай мөлшерде осы екі шаруашылықтың дамуы мен жетілдіруінің тарихы болды. [1, 66.].

Жер көшпелі қауымның ортақ меншігі болып саналып, шаруалар оны бірігіп пайдаланды. Мал жыл бойы өрісте жайылып, жеке меншікте болды. Негізінде малға иелік етуші жайылымға да иелік етті. Қазақ халқы Ресейдің отаршылдық саясатының негізінде, XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының құрамына еніп, 1891 жылы Дала ережесіне байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында, сонымен қатар көшпелі шаруашылықтың сипаты өзгергендігі аян. Қазақ өлкесі Ресейдің мемлекеттік меншігі болып, шұрайлы жерлер, жайылымдық алқаптар қоныс аударушылардың және ауқаттылардың иелігіне көшті.

Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты қазақ халқының экономикалық жағдайына біршама нұқсан келтірді. Қазақтардың ата-бабаларынан қалған шұрайлы жерлерді күшпен тартып алып, қосу арқылы жартылай отырықшы мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысқан көшпелілердің дамуын шектеп қалды. Кедей халық қайыршылыққа ұшырап, мал басы кеміді. Кедейленген халықтың көп бөлігі отырықшы шаруашылықпен айналысты. 1917 жылға дейін патша үкіметі қазақтардан 45 млн.гектардан астам жерді тартып алып, ішкі Ресейден келген жаңа қоныс тебушілерге алып берді. Ал жерінен айырылған қазақтарды шөл және шөлейт, басқа да қолайсыз аймақтарға қудалады. Отырықшы шаруашылықпен айналысу сонау ғасырлар бойы көшпелілікпен айналысып келе жатқан қазақ халқы үшін қиынға соқты.